



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№21 (1934) 10 MAУСЫМ 2024 ЖЫЛ



«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев көшбасшылық дәріс оқыды», – деп хабарлады Сенаттың Баспасөз қызметі.

Сенат төрағасы дәріс оқыды

Дәріске Сенат депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, оқу ордасының студенттері, жас ғалымдар мен оқытушылар қатысты.

Жиынға қатысушылар Мемлекет басшысы Алматыда жас ғалымдармен кездесу кезінде белгілеп берген міндеттерге тоқталды. Сондай-ақ іс-шарада ғылыми кадрлар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, зерттеу жобаларына әлеуметтік және қаржылық қолдау көрсету, инновациялық әдістемелер мен технологияларды енгізу бағыттары бойынша ұсыныстар айтылды.

Сенат төрағасы ғасырға жуық тарихы бар университет ұлтымыздың адами капиталын дамыту және кадрлық әлеуетін нығайту жолында тарихи рөл атқарғанын, сондай-ақ ғылым мен инновацияны дамытуға үлкен ықпал етіп келе жатқанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен әділетті Қазақстан құруға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға арналған жүйелі жұмыс атқарылып жатыр. Қазіргі таңда жастардың сапалы білім алуына, олардың ғылыммен, шығармашылықпен, спортпен шұғылдануына және жас мамандарды жұмыспен қамтуға тиісті жағдай жасалып

жатыр. Жастар қай кезеңде де жаңғырудың қозғаушы күші екені белгілі. Бұл үлкен жауапкершілік. Осы жолда әрдайым бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік сияқты іргелі құндылықтарға табан тіреу қажет», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ өз сөзінде Сенат төрағасы Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан реформалар туралы да айтып өтті.

Сенаттың Баспасөз қызметі

ҚазҰУ әлемдік рейтингте 163-орынға көтерілді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS World University Rankings 2025 (QS WUR) халықаралық рейтингінде әлемдегі ТОП-200 ЖОО қатарына қосылды. Биыл еліміздегі көшбасшы университет тоғыз көрсеткіш бойынша 67 позицияға жоғарылап, 230-орыннан 163-орынға көтерілді.

ҚазҰУ – Қазақстан және Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында ең үздік 200 университеттің қатарына енген алғашқы және жалғыз университет.

Оқу ордасы өткен жылмен салыстырғанда академиялық бедел және жұмыс берушілер арасында түлектердің сұранысы бойынша алға шықты. Сонымен қатар оқытушылардың білім алушыларға арақатынасы, студенттер саны, халықаралық зерттеу желісі, тұрақты даму көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Айта кетейік, соңғы оқу жылында университетте кешенді құрылымдық жаңғырту

жүргізіліп, бірлескен ғылыми халықаралық зертханалар ашылды. Жоғары стандарттарға сәйкес халықаралық аккредиттеуден өткен эксперименттік білім беру бағдарламалары әзірленді. Сондай-ақ оқу ордасының базасында шетелдік университеттердің филиалдары ашылып, өз жұмысын бастады.

ҚазҰУ-дың QS WUR халықаралық рейтингіне дәстүрлі түрде қатысуы білім ордасының әлеуетін жан-жақты бағалауға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар қызметін одан ары дамытып, жетілдіруге, жаңа ізденістер жасап, ынталандыруға жол ашады.

Франция елшісі ректормен келіссөз жүргізді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Францияның Қазақстан Республикасындағы өкілетті елшісі Дидье Канесспен кездесті.

Университет ректоры іскер дипломаттың екі ел университеттері арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

«Биыл оқу орнымыз QS WUR халықаралық рейтингінде 67 позицияға жоғарылап, 230-орыннан 163-орынға көтерілді. ҚазҰУ – Қазақстан және Орталық Азия жоғары

оқу орындары арасында ең үздік 200 университеттің қатарына енген алғашқы және жалғыз білім ордасы. Тоқсан жылдық тарихы бар оқу орны бүгінде әлемдік университеттермен тығыз байланыс орнатқан. Оның ішінде Франция институттары, университеттері, ғылым және жоғары білім саласындағы



ұйымдар бар», – деді ректор.

Атап айтқанда, Лотарингия университетімен ынтымақтастық нәтижесінде ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде «Механика және энергетика» қосдипломды білім беру бағдарламасы сәтті жүзеге асырылды.

Жалғасы 2-бетте

2-бет

Табиғи дәрілік өсімдіктің әлеуеті зор



3-бет

Пенсильвания университетімен байланыс артады



4-бет

Инновациялық жоба байқауы жеңімпаздары



Табиғи дәрілік өсімдіктің әлеуеті зор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәрілік өсімдік және табиғи дәрілік заттарды зерттеу бойынша екікүндік халықаралық конференция болып өтті.

Іс-шараға ҚХР, Жапония, Өзбекстан, Португалия, Малайзия, Таиланд, Үндістан, Пәкістан, Оңтүстік Корея, Түркия, Кипр, Қырғызстан, Әзірбайжан ғалымдары мен сарапшылары келді. Оларға университеттің мұражайы мен кампусына экскурсия ұйымдастырылды. Шетелдік ғалымдар ҚазҰУ-дың Дәрілік өсімдіктердің ғылыми-зерттеу орталығының жұмысымен танысты.

«Біз әлемнің түкпір-түкпірінен келген биохимия, биотехнология, шөп медицинасы, фармакология саласындағы ғылыми қоғам өкілдерімен ынтымақтасуға дайынбыз. Дәстүрлі және заманауи медицина арасында тығыз байланыс құру маңызды», – деді ҚазҰУ ректоры.



Конференция отырысында Қытай ғылым академиясы Шанхай материалтану институтының профессоры Йе Ян (ҚХР), Өзбекстан Ғылым академиясының академигі, С.Юнусов атындағы Өсімдік заттары химиясы институтының директоры Шамансур Сағдуллаев, Абель Салазар атындағы Биомедициналық ғылымдар институтының

(ICBAS), Порту университетінің химия профессоры Анаке Киджоа (Португалия), Ryukakusan Co. президенті, Токио шикі дәрі-дәрмектер қауымдастығының төрағасы Фудзи Рюта (Жапония), Ланчжоу мал шаруашылығы және ветеринарлық фармацевтика институтының профессоры Чжан Цзю (ҚХР) және т.б. сөз сөйледі.

Іс-шара барысында Жапония халықаралық қатынастарды дамыту қауымдастығы мен Қазақ ұлттық университеті арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті. Ланчжоу мал шаруашылығы және фармацевтика ғылымдары институты, СААС және ҚазҰУ арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ Ланчжоу мал шаруашылығы және фармацевтика ғылымдары институты, СААС және ҚазҰУ Дәрілік өсімдік ғылыми-зерттеу орталығы бірлескен зерттеу орталығының ашылу салтанатын өткізді.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Токио табиғи дәрілік өсімдік қауымдастығының төрағасы Рюта Фудзимен кездесті.

Рюта Фудзи ҚазҰУ-да өтіп жатқан дәрілік өсімдік және табиғи дәрілік заттарды зерттеу конференциясына Жапониядан арнайы келді.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарды қарсы ала отырып, оқу ордасының жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ ба-

Екі елдің ортақ мүддесі



засында Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы табысты жұмыс істеп жатқанын атап өтті. ЖОО басшысы Токио табиғи дәрілік өсімдіктер қауымдастығын аталған орталықпен бірлесіп ғылыми бағытта жұмыс істеуге шақырды.

Өз кезегінде Рюта Фудзи болашақта ҚазҰУ-дың Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығымен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізуге ниетті екенін жеткізді.



Франция елшісі ректормен келіссөз жүргізді

Соңы. Басы 1-бетте

Нәтижесінде 100-ден астам магистрант пен 20 докторант Францияда білім алып қайтты. Химия және химиялық технология факультетінде Лотарингия университетімен «Мұнай-газ инженериясы» және «Абай-Верн» білім беру бағдарламалары сәтті жүзеге асырылуда. Қосдипломды бағдарламалар Францияның басқа да жетекші университеттерімен жасалып отыр. Жалпы,

ҚазҰУ Францияның 20-дан аса университетімен қарым-қатынас орнатқан.

Кездесу барысында тараптар студенттер мен оқытушылар алмасу, ортақ жобаларды іске асыру, ғылыми байланыстарды дамыту мәселелерін талқылады. Францияның Қазақстандағы өкілетті елшісі Дидье Канесс ҚазҰУ мен Франция жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықтың кеңеюіне оң баға берді.

Гүл БАЯНДИНА

Ғылыми-зерттеу ұсынысын қолдаймыз



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев дәрілік өсімдік және табиғи дәрілік заттарды зерттеу конференциясына арнайы келген қытайлық ғалымдармен кездесіп, серіктестікті арттыру бойынша өзара пікір алмасты.

Ланчжоу мал шаруашылығы және ветеринарлық фармацевтика институтының докторы Чжан Цзю өз сөзінде институттың негізгі міндетіне тоқталып, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«Ланчжоу мал шаруашылығы және ветеринарлық фармацевтика институтында мал ауруларының алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазір институт мамандары малдың терісінде кездесетін ауруларға зерттеу жүргізіп, қажетті дәрі-дәрмектер шығаруда. Бұл жұмыстарға ҚазҰУ ғалымдарын жұмыл-

дырсақ, нәтижелі көрсеткішке жетеміз деп ойлаймын», – деді Чжан Цзю.

Жүздесуде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев мал шаруашылығы маңызды салалардың бірі екенін айта келе, Қытай ғалымының айтқан ұсыныстарын қолдайтынын жеткізді. Сондай-ақ ректор аталған ұсыныстарды ҚазҰУ базасындағы Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығының ғалымдарымен бірлесіп жүзеге асыруды және жұмыс жоспарын дайындауды тапсырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Пенсильвания университетімен байланыс артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Пенсильвания штаты университетінің делегациясы жұмыс сапарымен келіп, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымымен танысты.



Сапар аясында Penn State университетінің халықаралық қызметінің академиялық бағытына жауапты Сабин Клэр бастаған жұмыс тобы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Жансейіт Түймебаев кездесуде: «Бүгінде жоғары білім және академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша екі университет арасындағы ынтымақтастық табысты дамып келеді. Биыл АҚШ-қа жұмыс сапарым барысында Пенсильвания университетінде болып, қызметімен таныстық.

Екі ЖОО-ның серіктестігін дамыту бойынша кездесулер өткіздік. ҚазҰУ-ға келген сапарларыңыз байланысты одан әрі дамытуға тың серпін береді деп санаймын», – деді ректор. Өз кезегінде Сабин Клэр: «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы көшбасшы жоғары оқу орны. Пенсильвания университеті АҚШ-тағы алдыңғы ЖОО-лар қатарында. Екі университет бірлесіп ау-

қымды жобаларды жүзеге асыратынына бек сенімдімін», – деді. Келіссөздер қорытындысы бойынша Жансейіт Түймебаев пен Сабин Клэр екіжақты ынтымақтастықты мейлінше жаңа деңгейге көтеруге, серіктестікті одан әрі жандандыруға және бірлесіп халықаралық шараларды өткізуге уағдаласты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ғалымдар мен шетел зерттеушілері бас қосты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғалым, Хьюстон университетінің профессоры, PhD Шайкен Тәттіммен кездесу өткізді.



Құрметті қонаққа Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен қызметін таныстырды.

Білім ордасының басшысы Шайкен Тәттімді биология саласы бойынша университеттің биология және биотехнология факультетінің ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Өз кезегінде профессор

ЖОО басшысына қатерлі ісік ауруының алдын алу бойынша атқарған жұмыстары туралы ақпарат беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Тараптар кездесу барысында болашақта ҚазҰУ-да бірлескен ғылыми зертхана құруға уағдаласып, серіктестікті дамытуға келісті.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне заң факультетін 30 жыл бұрын бітірген түлектер келіп, оқу ордасындағы соңғы өзгерістермен танысты. Олардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі заңгерлер, еліміздің сот жүйесінің қызметкерлері бар.

Түлектер қара шаңырақта жүздесті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қонақтармен кездесіп, соңғы жылдарда университетте атқарылған жұмыс нәтижелері туралы айтып берді. Сондай-ақ ЖОО басшысы ҚазҰУ-дың одан әрі даму жоспарларымен бөлісті.

Сапар барысында түлектер заң факультетіне барып, бір кездері өздері оқыған және дәріс тыңдаған аудиторияларды аралап көрді. Сонымен қатар факультетте жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысты.

Түлектер өз әсерлерімен бөлісіп, жылы қабылдағаны үшін

ректорға ризашылықтарын жеткізіп, білім ордасын дамытуға бағытталған жұмыстарға табыс тіледі.

«Біз бүгін альма-матерімізге келгенімізге өте қуаныштымыз. Біз ҚазҰУ туралы жаңалықтарды үнемі қадағалап отырамыз және жоғары жетістіктеріне қуанамыз. Университеттегі оқытушылар мен профессорлардан алған білімімізді өз қызметімізде қолданып келеміз. Баршаңызды ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!» – деді мемлекет және қоғам қайраткері, ЖОО түлегі Әсет Исекешев.

Назерке АСХАТҚЫЗЫ



Тіл мамандарымен ашық әңгіме

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев шетелден келген тіл мамандарымен кездесті.



Қонақтар қатарында Түркия профессоры, PhD Өлмес Мехмет, Ресей профессоры, филология ғылымының докторы Яна Волкова, ф.ғ.д., профессор Людмила Караванова және өзге де ғалымдар бар.

Жүздесуде тараптар түркологияның өзекті мәселелерін талқылап, парсы, араб, түркі тілдері бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде пікір алмасты.

ЖОО ректоры Жансейіт Түймебаев делегация мүшелеріне жуырда Ресейдің Омбы қаласында ҚазҰУ филиалы ашылатынын жеткізді.

«Ресейде алғаш рет Қазақ ұлттық университетінің филиа-

лы ашылады. Бұл екі мемлекет үшін өте маңызды оқиға. Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында ашылатын филиалда тіл мамандарын даярлайтын білім беру бағдарламасы оқытылады. Университетте Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Сондай-ақ сирек кітаптар мен қолжазба қоры бар. Ғалымдар

онда сирек кездесетін қолжазбалар мен көне кітаптарды кеңінен зерттеу жұмыстарын жүргізеді», – деді ректор.

Кездесу соңында қатысушылар алдағы уақытта тіл саласына қатысты ауқымды конференциялар мен кездесулер өткізуге, бірлесіп ғылыми мақалалар дайындауға уағдаласты.

Светлана ӨМІРФАЛИЕВА

Дәстүрлі түрде өтетін «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясымен қатар, студенттік бизнес-инкубаторларының инновациялық жобалар байқауы жалғасын тапты. Үздік студенттік инновациялық бизнес-идеяларды іріктеу, одан кейін дамыту үшін идеяны пысықтаудан бастап, оны коммерцияландыруға жеткізуге қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған байқауға 60-қа жуық жоба түсті.

Инновациялық жоба байқауы жеңімпаздары



Оның ішінде механика-математика факультетінің Механика кафедрасынан 12 жоба ұсынылды. Байқау шарты бойынша ұсынылған жобаларға мынадай талаптар қойылды: ҚР ғылымы мен техникасын дамытудың басым бағыттарының біріне тиесілі болуы, жоба идеясы, өзектілігі, жаңашылдығы және практикалық маңыздылығы. Факультеттен байқауға ұсынылған 12 жобаның 9-ына Механика кафедрасының оқытушысы Берік Мейрамұлы жетекшілік етті. Жоба жұмысына бакалавриат, докторантура студенттері қатысты. Жобалар төмендегі тақырыптарды қамтыды:

- Түрлі салада қолдануға болатын «Konildi» атты гид роботы.
- Барометр.
- Көкөніс, жеміс-жидек теруге икемді құрылымы бар робот.
- Жерасты металл өнімдерін іздеуші автономды робот.
- Uni_BOT, әмбебап робот-көмекші.
- ISEE (Бизнес дүкендері бойынша мобильді қосымша).
- Қоқысты немесе басқа да заттарды жинап,

реттеуші автономаттандырылған робот.

- Апатты жағдайлардан кейінгі үйінді астынан жүретін өрмекші, кесіртке роботы.

- Шағын электр энергиясын өлшейтін құрылғы.

Байқау жеңімпаздары ақшалай сыйлықтар мен арнайы дипломдарға ие болды: 1-орын (1 жоба) – 150 000 теңге, 2-орын (3 жоба) – 100 000 теңгеден және 3-орын (5 жоба) – 75 000 теңге.

Байқау қорытындысы бойынша Механика кафедрасынан ұсынылған «Қоқысты немесе басқа да заттарды жинап, реттеуші автономаттандырылған робот» жобасы ең үздік деп танылып, «Робототехникалық жүйелер» мамандығының 1-курс докторанты Заңғар Рахматулла 150 000 теңге ақшалай сыйлыққа ие болды және арнайы дипломмен марапатталды. Жоба жетекшісі, кафедра оқытушысы Берік Сағитжанов пен Заңғар Асқарұлын жеңісімен құттықтаймыз!

Динара ЕЛЕУСІЗҚЫЗЫ,
Механика кафедрасының аға оқытушысы

Байырғы қыпшақ санар тақтасынан – бүгінгі телевизияға дейін

Сандардың отаны – Шығыс. Біздің дәуірге дейінгі VII ғасырдың өзінде сақтар ежелгі түркі тілін білген және олардың санау үлгілері де ұқсас болған. Оған Ертіс жағасынан табылған, темір дәуірінде сүйекке жазылған түрік жазу таңбалары дәлел. Тым әріге бармай-ақ, бергі орта ғасыр заманына келсек те, ауыз толтырып айтар айғақтар жетерлік.

Мәселен, нарон Рашид Бағдатта «Даналық үйін», қазіргіше айтқанда, ғалымдар үйін салдырды. Бағдат көгілдірі мен «Даналық үйі» ауыртпалығын Орта Азия және Қазақстан ғалымдары көтерді. Олардың сапында әл-Хорезми, әл-Ферғани, әл-Жауһари, әл-Мервази, кейінірек әл-Фараби болды. Осы тұста қыпшақтардан шыққан жаратылыстану, математика ғылымдары мәселелеріне қалам тартқан бірсыпыра оқымыстыларды кездестіруге болады. Олар өздерінің ұлы ұстаздары әл-Фараби және басқа да Орта Азия ғалымдары сияқты ғылыми риссаларын (трактаттарын) араб тілінде жазған.

Солардың ең көрнектілерінің бірі – Байлау (байлағ) әл-Қыпшақи. Ол 1242-82 жылдары Каирда Бахри сұлтандары сарайында қызмет еткен. Үлкен минералог-ғалым болған. Байлау әл-Қыпшақи – «Асыл тастардың қасиеттері туралы трактат» деп аталатын еңбектің авторы. Бұл шығармасын ол 1279-90 жылдары билік құрған Бахри (қыпшақ) сұлтаны Мәнсүр Сайфаддинге бағыштайды. Бұл зерттеуден оның гректерден Аристотель, Гермес, Апплоний, Птолемей, ал мұсылман ғұламаларынан әл-Фараби, әл-Бируни, әл-Масуди, әл-Фазали еңбектерімен таныс болғаны ілінеді.

Байлау әл-Қыпшақи минералдардың магниттік қасиеттеріне де зер салған. Сонымен бірге білгір ғалым теңізде тура жол табу мақсатында пайдаланылатын компастың теориялық және практикалық мәселелерін зерттеген. Компас жөніндегі теориялық нұсқаулардың дұрыстығын сынап көру үшін 1242-43 жылдары Жерорта теңізінде жүзу сапарына қатысты деген дерек те бар.

Екінші бір ортағасырлық қыпшақ оқымыстысының аты-жөні – Мұхаммед Әтиф әл-Қыпшақи (әл-Қабужақи), Байлау әл-Қыпшақимен замандас болған бұл ғалым «Геометрия ғылымына кіріспе» атты трактаттың авторы. Араб тілінде жазылған бұл шығарманың бір қолжазбасы АҚШ-тың Нью-Джерси штатындағы Пристон университетінің кітапханасында сақтаулы. Осы орайда айта кететін бір жайт – бұл кітапханада Отырардан шыққан көрнекті математик және астроном Ғаббас Жауһаридың (IX ғ.) «Евклидтің бесінші кітабына толықтыру» атты трактатының қолжазбасы да бар көрінеді.

XII ғасырда Орта Азия және Қазақстан ғалымдарының еңбектері латын тіліне аударылып, сондай-ақ математиканың басқа елдерге, мәселен, Еуропаға ауысуы қандастарымыздың еңбектерін сая-

бырлата бастады. Әл-Фарабидің, әл-Жауһаридың және басқалардың еңбектері Әбу әли ибн-Синаға, Омар Хайямға, Насреддин ат-Тусиге әсерін тигізді. Кейінгі зерттеулер бойынша Италия математигі Леонардо Пизанскийге «Абак» кітабын жазуға әл-Хорезмидің, поляк ғалымы Николай Коперникке (1473-1543) гелиоцентрлік жүйесін ашуға әл-Фарабидің еңбектері әсер еткен. Сол арқылы Кеплер өз заңдарын ашқан. Дөңес линзадан сәулелер өткенде сына-тынын, оның бір жерде тоғысатынын әл-Фараби тапқан. Сөйтіп, линза – айна тоғысын – фокусын табушы Кеплер емес, оны табушы – әл-Фараби.

Әл-Фараби өзінің еңбектерінде музыкалық нотаның орнына цифрлы жүйені қолданған. Бұл жүйе осы кезге дейін Қытайда пайдаланылып келеді.

Ертеде вавилондықтар екі цифрды пайдаланған екен: 1 және 10. Америкадағы майя халқы үш санды қолданған: 0, 1 және 5.

Ғылыми сөздікте «қос сандар» деген ұғым бар: «БИТ» – бұл ағылшын сөзі «binary bigit». Бұл жүйе ЭВМ – компьютерде қолдау тапты. Қазақ санау жүйесінің дамыған шағына дәлел – қыпшақ жазба ескерткіші «Кодекс Куманикус» 1303 жылдары жазылған. Бұл туралы профессор М.Барманқұлов «Хан Иван» кітабында былай деп жазады: «Уже в те времена у кыпчаков была счетная доска – «санар такта». Если «Кодекс» пропускать не только сквозь сито падежных окончаний и особенностей синтаксиса, то можно многое узнать и о культуре, быте кыпчаков 1303 года. Уже в те времена употребляли иглу для пошива мешков – «чувалдуз», мельница – «тегирмек», расшитый тулуп – «сырма тонум», наперсток – «оймак», лампа – «фанар». Может, и этот «фанар» пришел в другие языки из тюркского, а потом из них – снова в тюркский как чужеродный элемент?»

Қыпшақ санар тақтасына (есеп шотына) жүгінсек, қазақтың ондап та санағанына дәлел көп (қазақтың көбейту әдісі, бір саусақ, екі саусақ, жұдырық).

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен де ғылыми мағыналы көптеген сандық сипаттарды табуға болады. Қазақтың қара есептері де соның куәсі, ұлттық психологияның бір көрсеткіші – өз түйіндеулерін көпшіліктің есіне қалдыру үшін көбіне осы жолды таңдап алған.

Мысалы:
«Бойтұмарым ең қымбатты,
Ақ гүлім алты тармақты.
Тұғыры төрт жапырақты,
Алтайым күн шуақты», – деген жыр жолдарындағы сандардың астарында белгілі бір мағына бар. Түрік халықтарының тіліндегі сан атауларының бірдей болып келуі де олардың есептеу жүйесінің ортақ болғанын дәлелдейді.

Тоғызға көбейту ережесін «қазақтың көбейту ережесі» дейді. Санды тоғызға көбейту үшін, мысалы 5-ті 9-ға көбейту үшін алақанды жайып, сол қолдан бесінші саусақты бүксек, бүгілген саусақтың сол жағында тұрған саусақтың қырықты, ал оң жағындағы саусақтар бірлікті көрсетеді. Сонда 45 дегенді оқимыз.

Қол-аяқ есе (көбейту) қол аяқ есе оң $20 \times 20 \times 5 = 2000$

Қыр қоспа қос қол оң $40 + 15 = 55$

Ағылшын лорды, философ Ф.Бэкон қос санды шифр ұсынған. Мысалы, «Егеменді Қазақстан» деген сөзді санға айналдырайық.

00	001	010	011	100	101	110	111
00	Ч	З	И	Ы	Р	С	О
01	А	Т	У	Й	Ь	Э	Е
10	Н	Б	В	Ф	К	Л	Ш
11	М	Ю	Я	Г	Х	Ц	Щ
12	Ә	І	«	Ғ	Ү	Ұ	Қ

Сандар тілінде былай оқылады:
01110 11011 01110 11000 01110
10000 00111 12001 12110 01000
00001 01000 12110 01001 10000

Екі цифрдың құдіреті. Ол (0) және (1) цифрлары. Осы екі сандық тәсілмен сөзді ұяға енгізу арқылы кез келген үлкен хабарларды лазерлік дискілерге жазауға болады.

- сандық (цифрлық) телевидение;
- сандық байланыс жүйесі;
- сандық кабельді телевидение;
- сандық (нота) музыка;
- сандық телефон жүйесі.

Осындай қос сандар коды арқылы 30 томдық БСЭ (Үлкен кеңес энциклопедиясы) бар-жоғы 3×10^8 бит болады екен. Бұл информация сыйған ұя сіріңкенің қорабындай-ақ. Бірден-бір ірі электронды кітапхана – МЕДЛАЙ қорында 1966 жылдан бері 5 млн реферат пен мақала бар екен. Нью-Йорк халқы өз үйлеріндегі теледидардан арнайы қондырғы арқылы 1976 жылдан бастап самолет, пойыздардың жүру кестесін, дүкендегі тауар бағасын, түрлі информациялар қабылдай бастады. Бұл телетекст (телемәтін) еді.

Әмір МОЛДАБЕКОВ,
ЮНЕСКО сыйлығының иегері

Бұлғар тілі тоғуз	Қараханид – ұйғыр тілі тоғуз	Оғыз тілі тоғуз
Шағатай тілі тоғуз	Өзірбайжан тілі доғуз	Ноғай тілі тоғыз
Алтай тілі тоғус	Татар тілі тоғыс	Башқұрт тілі туғыз
Гагауз тілі докуз	Якут тілі тоғус	

На кафедре механики прошла научно-методическая конференция, посвященная 102-летию ветерана Великой отечественной войны, доктора технических наук, профессора Василия Антоновича Сапа.

Вековой юбилей

Василий Антонович Сапа родился 14 января 1922 года в селе Успенковка Костанайской области. В 1939 году закончил среднюю школу № 14 г. Алма-Аты, в последствии поступил на физико-математический факультет КазГУ имени С.М.Кирова. В 1941 году Василий Антонович был призван в ряды советской армии и после окончания Алма-Атинского военного училища, получив звание лейтенанта, в 1942 году был отправлен на фронт. Был награжден орденами «Красного



Знамени» и «Отечественной войны I степени», медалями СССР «За отвагу», «За оборону Сталинграда», «За победу над Германией в ВОВ 1941-1945 гг.

В.А.Сапа в 1953 году защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук В 1955 году присвоено ученого звания доцента кафедры теоретической механики В 1964 году защитил диссертацию на соискание ученой степени доктора физико-математических наук В 1967 году ему было присвоено ученое звание профессора. 1982-1992 годы был заведующим кафедрой теоретической механики. Проводил научно-исследовательскую работу по современной теоретической механике. Работы профессора охватывают проблемы внешней баллистики, механики систем переменного состава. Особое внимание он уделял движению твердого тела переменной массы, имеющего одну закрепленную точку. Им введено понятие гидростата, как гироскопа с присоединенным принужденным моментом количества движения, что упростило вывод дифференциальных уравнений движения гидростата. Им было изучено оскулирующее движение проводящего искусственного спутника в поле притягивающего центра, обладающего некоторым магнитным полем.

Василий Антонович внес большой вклад в развитие теории устойчивости движения сложных механических систем. Под его руководством десятки его учеников защитили кандидатские диссертации. За успехи в подготовке научно-педагогических кадров профессору В.А.Сапа было присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки и техники Казахской ССР» и был награжден орденом Трудового Красного Знамени. В 1979 году профессор был избран членом-корреспондентом АН КазССР.

На научно-методическую конференцию посвященную вековому юбилею профессора Василия Антоновича Сапа были приглашены профессорско-преподавательский состав и студенты механико-математического факультета, а также его ученики. Память о Василие Антоновиче Сапа будет всегда в наших сердцах. В молодости, рискуя многим, он выбрал дело, которое стало смыслом всей его жизни. Вопреки приговору врачей он избрал тернистый путь науки. И напряженная научная работа привела его к вершинам познания и педагогического мастерства, сделала его жизнь достойной подражания для молодежи.

Динара ТУРАЛИНА,
к.ф.-м.н., старший преподаватель кафедры механики

Академическая мобильность – ценный опыт

В современном мире, где глобализация стала неотъемлемой частью нашей жизни, академическая мобильность студентов становится всё более важной составляющей образовательного процесса. Этот опыт представляет собой не только уникальную возможность, но и ключ к успеху для студентов.

О заграничной командировке в рамках программы академической мобильности поделилась Исахан Улара, студент 3 курса юридического факультета КазНУ имени Аль-Фараби, которая обучалась в Университете имени Адама Мицкевича – это один из ведущих университетов в Польше, расположенный в городе Познань. Университет был основан в 1919 году и назван в честь Адама Мицкевича, выдающегося польского поэта. Университет известен своим высоким уровнем образования, качественными исследованиями и активным участием в международном обмене студентами и учеными.

Учеба в другой стране предоставляет студентам доступ к новым методам обучения, подходам к изучению предметов и образовательным программам. Это позволяет студентам расширить свои знания и перспективы в своей области. В Польше Улара познакомились с правовой сис-



темой Европейского союза, научилась различать методы оценки правдивости свидетельских показаний в польском уголовном судопроизводстве, а так же применяли в практике голосовой полиграф и стимулировали допрос с другими студентами.

Преодоление культурных, языковых и образовательных барьеров в процессе академической мобильности способствует развитию самоуверенности и самооценки студента, делая его более готовым к преодолению вызовов в будущем. Проживание и учеба в другой стране способствуют личностному развитию, помогая людям стать более независимыми, открытыми и адаптивными. Помимо обучения и новых знаний Улара Исахан обрела много новых международных друзей, с которыми обменялась контактами и

поддерживает связь. По моему мнению, эти связи могут представлять возможности для новых проектов, совместных исследований и дальнейших научных стажировок.

За один семестр Исахан Улара получила достаточно серьезные знания у высококвалифицированных профессоров в сфере юриспруденции и богатый культурный обмен. Также, с гордостью представила нашу страну и университет, обмениваясь бесценным знанием, полученные в родном альма-матер. Она отметила людей, способствовавших направлению по академической мобильности: «Выражаю благодарность руководству университета, зам.декану по научно-инновационной работе и международным связям Саида Эргашевне за детальную разъяснительную работу и руководителю кафедры Карлыгаш Рахимжановне и куратору Динара Ахановне за поддержку в участии в программе академической мобильности. Так же поздравляю с 90-летием КазНУ имени Аль-Фараби. За 90 лет университет достиг многих высот, и уверенно может гордиться множеством достижений как на национальном, так и на международном уровне. Желаю КазНУ дальнейших успехов и процветания».

Саида АСАНОВА,
PhD доктор, заместитель декана по НИДиМС ЮФ

Мировые исследования по борьбе с гепатитом

Печень – жизненно важный орган, который перерабатывает питательные вещества, фильтрует кровь и борется с инфекциями. Когда печень воспалена или повреждена, ее функция может быть нарушена. Злоупотребление алкоголем, токсины, некоторые лекарства и определенные заболевания могут вызвать гепатит.

На сегодняшний день более 350 миллионов людей по всему миру живут с инфекционными гепатитами В или С, причем большинство не имеет доступа к качественной и своевременной медицинской помощи. У некоторых людей с хроническим гепатитами развиваются прогрессирующие заболевания и такие осложнения, как цирроз и рак печени. По оценкам Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), до 2040 года гепатиты могут вызвать больше смертей, чем малярия, туберкулез и ВИЧ вместе взятые.

В этой связи, в 2023 году ВОЗ начала кампанию по борьбе с гепатитом под лозунгом «Одна жизнь. Одна печень». Так, в рамках глобальной

стратегии ликвидации вирусного гепатита, к 2030 году планируется сокращение новых случаев заражения гепатитом на 90% и смертности на 65%. Основными мерами борьбы с вирусными гепатитами являются вакцинация, тестирование и лечение. В целях предотвращения передачи инфекции от матери ребенку рекомендуется тестировать на гепатит В всех женщин в период беременности. В случае положительного результата теста такие женщины должны получать лечение, а их новорожденные дети – прививаться от инфекции.

Вакцину против гепатита В следует вводить всем новорожденным в кратчайшие сроки после рождения (в течение 24 часов) с последующим введением двух или трех доз вакцины с интервалом не менее четырех недель. Лицам, прошедшим полный курс вакцинации тремя дозами, проведение ревакцинации обычно не требуется. По различным оценкам, популяризация профилактических мер против гепатита предотвратит примерно 4,5 миллиона преждевременных смертей в странах с низким

или средним уровнем дохода. Специфического лечения острого гепатита В не существует. Хронический гепатит В можно лечить с помощью лекарственных средств. Оказание помощи при остром гепатите В должно быть направлено на создание комфортных условий для человека. Заболевшие должны придерживаться здоровой диеты и пить много жидкости, чтобы предотвратить обезвоживание. Лечение имеет три главные цели: замедление развития цирроза печени, сокращение число случаев рака печени и улучшение показатели выживаемости в долгосрочной перспективе.

Таким образом, возникает необходимость обновления руководящих принципов ВОЗ по лечению гепатита В. Это позволит увеличить доступность и эффективность медицинской помощи, расширить круг лиц, имеющих право на лечение, и увеличить долю людей, получающих лечение.

Асем УРИСТЕМОВА,
преподаватель кафедры политики и организации здравоохранения

Өлең өлкесіне аяқ басқан жастардың өмірді, қоршаған әлемді тануы, тылсымды түйсінуі тосын, әрқилы және сонысымен құнды. Олар өткеннен үйренеді, жаңалықты жатсынбайды, ойлары тұңғыық, көзқарастары терең. Өмірге, көктемге ғашық жастардың толғаныстары шынайы, лүпіл қаққан пәк жүректерінің дірілі көрінетіндей әсерлі. Өлеңдерінен өмір көріністері байқалып қана қоймай, оның мұңы мен жылуынан, алмағайып сәті мен алғаусыз мезетінен сыр ұқтырғысы келетіндей. Поэзия осынысымен қадірлі, осындай сиқырлы сезімімен асқақ. Аға буынның ізін жалғар өндіредей жастардан күтер үмітіміз мол. Өз сүрлеуін жаңылыспай тауып, жыр әлеміне өзгеше бояулы тыныс әкелетін, әдебиет айдынына қосар жаңалығы мол болатын жас толқын – филология факультетінің 3-курс студенттерінен үміттенеміз.

Шоқан АМАНГЕЛДІҰЛЫ,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы



Ақгүлім ЕРБОЛОВА

«Хат жазбаймын деп едім,
кешір, күнім».
Ф.Төлтай

Ерте, ерте, ертенің есімде үні,
Сәттерді аңсап қайтқан құс көшіндегі.
Көңілімді тұмшалап күз оралса,
«Хат жазбаймын деп едім!»
– кешір мені...

Қасіреттен қойғым кеп
жанымды алшақ,
Күбірлейді сенген сәт, сағынған шақ.
Мен көктемге құстардан бұрын жетем,
Сен шырқайтын ең ізгі өңіңді аңсап.

Әкете алмай ертеңге шақтарды аман,
(Сол баяғы жауыр мұң, жаттанды адам).
Қарығанда салқыны қарашаның,
Жылытатын жанымды хаттар ғана...

Жарлы үміттің жанымнан зарын естіп,
Таласа алмас тағдырдың бағына ешкім.
Елегізте беретін ертелі-кеш,
Жаңғырыққа жол салып тағы ілестім.

Баянсыздау баққа ұқсап есімдегі,
Сағыныштың өшкені – өшіргені.
Жалғыздыққа жұтылып кетпеу үшін
Серттен тайып, хат жаздым,
– кешір мені!

«Мен көктемге құстардан бұрын жетем...»



Мен де сөйтіп,
Алдансын деп көңілге өн қондырдым,
Көнер ме деп ырқыма жалған бір күн.
...Өрт боп жанып қайтерсің бататынын
Таңда қырды ақ нұрға малған Күннің?..


Жұбанғым кеп,
Деймін сосын:
«Құстар да келер қайтып».
Әннің үзілгеніне сенем қайтып?
Жырдың тоқтайтынына сенем қайтып?!
Оралар-ау, оралсын...
бірақ, құрбым...
Келеді олар мүлде өзге өлеңді айтып...

Көзім көкте, көңіл пәс, сана күңгірт,
...Тағы да, әне, қазбауыр дара бір бұлт.
Құбылаға бет алып қызыл жалқын,
Еріксіз барады ілбіп...

Жан сырымды сақтаған қара түнге,
Бұлақтарға, құстарға, дала, гүлге.
Өлең оқып бердім мен мезеттерге,
Жаңа сағат, жаңа сәт, жаңа күнге.

Көкжиектен көрінген атырапқа,
Желге, гүлге, мөлдір шық,
жапыраққа.
Өлең оқып бердім мен адамзатқа,
Момын, залым ақылды/ақымаққа?

Жаңа алдымнан кездескен
жанарға да,
Тауларға да, қырларға, алаңға да.
Күллі әлемге тыңдаттым өлеңімді,
Оқып бергім келіп еді саған ғана...



Айдос БЕКТҰРСЫН

АЗАТТЫҒЫМ

Алаш жұртым, арындаған жырымда,
Арың менен өр намысың сақтаулы.
Арман бар ма ақ маңдайлы ұлыңда,
Азат күнде атқызғасын ақ таңды?

Зарың менен запыраның жалын боп,
Заманаңның көрмесем де шарпуын.
Зерделі елім, жүрек сыры жалын-от,
Зергеріңнің қабыл алғын тартуын.

Азаттығым, қайта туған ғажап күн,
Азап-мұңым,
сағынышым сарқылған.
Асқар шыңы, асқақ шыңы қазақтың,
Аспантаудың өзі аласа даңқыңнан.

Түркі едім де, көкжал едім тегімнен,
Тарам-тарам тарихымның жолдары.
Тер мен қанның қайтарымы төгілген,
Тәуелсіздік – алты Алаштың арманы.

Түндігін кең түрмек болып түнектің,
Тұманнан кіл ашылсын деп аспаным.
Туған жердің топырағын түлеттің,
Тұлғаң сырлы 86 жастары.

Ыза кернеп кең кеудеңе салдырдың,
Ылғи ғана саясаттың семсерін.
Ылдилап та жарық көріп,
жаңғырдың,
Ынтымақпен елім менің еңселім.

Ғажап сырын ұғынбаққа ғаламның,
Ғажайыппен уақыт сырғып,
тез жеттім.
Ғарышына ой жүгіртіп санамның,
Ғасырлардан есіміңді іздеттім.

Ыдыраусыз, бөлінусіз жан-жаққа,
Ырғып өтіп асулардан сан асқан.
Ырым еттім іргелі ел болмаққа,
Ырысы мен ынтымағы жарасқан.

Мұң-зар өтті,
көкке самғар күн жетті,
Мұрат қуып сайын дала төсінде.
Мейірленіп жазған жырым кезекті,
Манаураған азаттықтың кешінде.



Мағжан АСҚАР

Күншығыстан салқын бір еседі леп,
Түксиеді – кең көңіл кешегі көк.
Таразының кәрі айдап мақта бұлттар,
Бірі қалмай бірінен көшеді кеп.

Жаздың-дағы, дариға-ай,
өткені ме-ей?!
Мұң жайылып келеді көкке дүлей.
Тірілтеді-ай өлген күн, ескі шерді
Сонау қырда сұр нәсер төккен үдей.

Шіркін құстар!..
Көңіліне нала тұна,
Сәлем жолдап мәңгі өлмес ән атына,
Жылу іздеп жалғаннан барады ұшып,
Бір-бір жырдаң іліп ап қанатына.



Арайлым ЗЕБЕРХАН

Бағындырар сезімді бар ма күшім,
Жасыра алман жүректің таңданысын.
Өлең оқып бердім мен жұлдыздарға,
Төбемізде бір аспан болғаны үшін.

Көрікті етіп, шұбалған көңіл көшін,
Сен бар мәтін, бар өнде, өмірдесің!
Өлең оқып бердім мен тауларға да,
Дәл өзіңдей биік боп көрінгесін.

Көздеріңдей дәл сенің қою, қара,
Өлең оқып бердім мен мойылға да.
Бұла жаның секілді бұлттарға да,
Нәзіктікпен иілген қайыңға да.



Дәметкен АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ

СӘУІРДІҢ 16-СЫ
(ақын **Есенғали Раушановтың**
өмірден озған күні)

Мен жазған ескі өлеңді,
Жаңа ұрпақ мынау жаттаған.
Тіріде естімегенді
Өлген соң естіп шаттанам...
(Есенғали Раушанов)

Таралып бақта құстардың үні,
Шырқайды неге мұңлы әнін?
Жоқтайды бәрі осы бір күні,
Жоғалған жырдаң жолдарын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің көрнекті ғалымы, арабтанушы, ясауитанушы Ахметбекова Ақбота Кәрібайқызы 1964 жылы Алматы қаласында дүниеге келді. 1971-81 жылдар аралығында Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінен білім алып, оны алтын медальмен үздік бітірді. Қазақ мектебі демекші, Ақбота секілді қазақ балаларын оқытатын мектеп кеңес заманында Қазақстанның астанасы – бас қала Алматыда жалғыз болған көрінеді. Оны да сол тұстағы қазақ зиялылары оқу бөлімінің табалдырығын тоздыра жүріп, «балаларыңызды қазақша оқытыңыздар» деп үгіт-насихат жүргізе отырып, әрең ашқызған екен. Сол қазақ мектебін ашу жолындағы күрестің нақ басында Ақботаның әкесі Кәрібай Ахметбек те болған.

Қара шаңыраққа адал ұстаз



Ақбота Кәрібайқызының кісілігінің, тектілігінің негізінде оның тәрбиенеге алған отбасы жатыр. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дейді атам қазақ. Әрбір адамның тұлға болып қалыптасуында оның әкешесінен алған тәрбиесі маңызды. Ақбота Алматыда туып-өскен, алайда қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ауылдан келген қыздардан артық білмесе, кем білмейтініне кейде таңғаламыз. Оның сыры, ең алдымен, отбасындағы ұлттық құндылықтардың дәріптелуінде.

Ақбота 1981 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің жанындағы араб бөліміне оқуға түседі. Ақботаның араб тілін таңдауы да кездейсоқ емес еді, себебі сол тұстағы Кәрібай Ахметбеков сынды зиялылар қазақтың өткені араб тіліндегі құжаттармен, араб жазуымен байланысты екенін түсінді, балаларын сонда оқытуға ынты білдірді. Хангелді Сүйіншәлиев, Рымғали Нұрғалиев, Зейнолла Қабдолов, Қадыр Мырзалиев, Әбсаттар Дербісәлі сияқты ұлы ұстаздардан дәріс алған Ақбота 1986 жылы филология факультетіндегі араб бөлімін қызыл дипломмен бітіріп шығады. Ақбота оққан топ ерекше болатын, 2-курста университеттегі «Киров тобы» деген атақты жеңіп алып, ең үздік топ болып университет тарихында қалды.

Университетті бітірген соң, яғни 1986 жылы «Мектеп» баспасының Араб редакциясына жұмысқа орналасып, редактор қызметін атқарады. Араб редакциясын белгілі арабтанушы, кейіннен дипломатиялық қызметтерде болған Бахтияр Тасымов басқаратын еді. Сол тұста баспада Ақботаның қатысуымен бірнеше оқулық дайындалып, жарық көрген болатын. Сондықтан Ақбота сабақ бермес бұрын, сол сабаққа қажет оқу құралдарын дайындау тәжірибесін жақсы меңгерген бірегей маман болып шыңдалды. 1992 жылы ол езі оқыған Араб филологиясы кафедра-

сына оқытушылық қызметке ауысты. Содан бергі уақытта оның бүкіл саналы ғұмыры өзі білім алған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. Ол өз университетіне адал ғалым, ұлағатты ұстаз.

Ақбота Ахметбекова университетті үздік бітіргеннен кейін де тоқтап қалмады, аспирантураға түсіп, профессор Х.Сүйіншәлиевтің жетекшілігімен 1996 жылы «Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын өз қатарының алғашқысы болып сәтті қорғады, филология ғылымының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды, 2011 жылы доцент ғылыми атағын алды.

Ғалымның негізгі ғылыми қызығушылықтары Қ.А.Ясауи шығармашылығымен, қазақ әдебиетіндегі сопылық бағыт, фольклор, ортағасырлық әдеби ескерткіштермен тығыз байланысты. Оның зерттеулері әдеби шығармаларды талдаумен, олардың тілдік ерекшеліктерін зерттеумен және араб тілін оқыту әдістерін зерттеумен де ұштасады. Оның ғылыми жарияланымдарының ішінде «Қожа Ахмет Яссауи» (1998), «Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия» (2011) атты монографиялары ерекше орын алады, ғылымға қосылған сүбелі еңбектер деп бағалауға болады. Ол «Араб тілі», «Араб тілі теориясының негіздері», «Мәтін лингвистикасының негіздері» атты оқу құралдары мен жақында жарық көрген «Мәдениет-аралық коммуникацияның теориясы мен практикасы» атты оқулықтың авторы.

Білім беру ісі мен жастарды тәрбиелеу ісіне қосқан еңбегі бағаланып, ол 2013 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» грантын жеңіп алды. 2011-13 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Қазіргі уақытта білім беру бағдарламасының үйлестірушісі сияқты жауапты жұмыстар атқарып жүр. Оның білім беру мен ғылым саласындағы еңбектері тек Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де танылды. Лейден, Амстердам, Каир, Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларында біліктілігін арттырды, конференцияларға қатысты, шеберлігін шыңдады.

Ақбота Кәрібайқызына әріптестері атынан болашақта жазар дүниесі, идеялары жарық көргендерінен де көп болсын деген тілек білдіреміз, соларды жүзеге асыратын мықты денсаулық, бақытты да ұзақ ғұмыр тілейміз!

Баян ЖҰБАТОВА,
ф.ф.д., профессор

Математика мен поэзияға

ӘУЕС ҒАЛЫМ

Уақыттың ұшқыр қанаты
Қазақ ұлттық университетінің
ұлағатты ұстазы, ізденімпаз
механик-математик ғалым,
Математика кафедрасының
доценті, Ресей жаратылыстану
академиясының профессоры
Иманқұл Төлеуханды ғұмыры-
ның жаңа белесі – мерейлі 70
жасқа алып жетті...



Төлеухан Шойбасұлы 1954 жылы Қостанай облысының Жангелдин ауданы Көкалат ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Албарбөгет орта мектебін бітірген соң, С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түседі.

Атына заты сай Алтын анасының «Балам-ау, елге келіп мұғалім болсаңшы, досың Сапар оқымай-ақ сабақ беріп жүр ғой» деген сөзіне құлақ аспай, арасында әскери борышын өтеп, аталған университетті 1982 жылы механика мамандығы бойынша бітіріп, ҚазЭнергетика ғылыми-зерттеу институтында «Қазандық агрегаттар» лабораториясында инженер қызметін атқарады.

1983 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Қолданбалы механика кафедрасына аға инженер болып қабылданып, көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, академик Өмірбек Жолдасбеков жетекшілік ететін топта еркін ізденуші ретінде «Роторлық жүйелердің динамикасы мен орнықтылығы» тақырыбындағы ғылыми жұмыспен айналыса бастайды. Сол жылдардағы тең авторлықта шыққан мақалалары Германия, Болгария, АҚШ, Испания елдерінде өткен ғылыми конференциялардың материалдарында жарық көрген. 1991 жылы Басқару теориясы кафедрасына оқытушылық қызметке ауысып, сол кафедрада оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі міндетін атқарушыға дейін көтеріліп, үлкен абыройға ие болды.

1993 жылы физика-математика ғылымдарының кандидаты дәрежесін ізденуге диссертация қорғап, 1997 жылы математика доценті ғылыми атағын алған. Факультетте 1983 жылдан еңбек етіп жүрген Т.Иманқұл басқару теориясы мен орнықтылық мәселелеріне арналған 60 ғылыми мақала, бір монография, жоғары оқу орындарында табысты қолданылып жүрген 16 оқу құралының авторы.

1994-2000 жылдары кандидаттық ғылыми атағын ізденудің диссертациялық кеңесінің мүшесі болған Т.Иманқұл 1994 жылы бір ғылым кандидатын даярлап шығарды.

2000-2005 жылдары деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметінде студент жастарға тәлім-тәрбие беру шараларының ұйытқысы, жастардың жанашыры бола білді. Сондай-ақ доцент Т.Иманқұл механика-математика факультетінде «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, кәсіподақ комитетінің төрағасы ретінде де университеттің тыныс-тіршілігімен байланысты іргелі мәселелерді шешуге белсене араласты.

Доцент Т.Иманқұл «Қолданбалы математика», «Математика», «Информатика», «Механика», «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарына «Тиімділеу әдістері», «Тиімділеу әдістері және шешім қабылдау теориясы», «Операцияларды зерттеу», «Ғарыш аппараттарының динами-

касы», «Вариациялық қисап», «Фазалық жүйелер теориясы», «Кезектер теориясы» сияқты арнайы және жалпы курс-тардан жоғары деңгейде ғылыми-педагогикалық дәрістер жүргізіп келеді. Ол жақсы және өте жақсы бағаға қорғалған 20 бітіру жұмысы мен үш дипломдық жұмысқа жетекшілік жасады.

Т.Иманқұл көп жылдар бойы қазақ тілінде оқулықтар жазуға етене араласып, төл терминдер түзуде де айрықша еңбектенгенін ғылымның барлық салаларын қамтитын 33 томдық сөздіктің 2000 жылғы басылымы мен 2014 жылғы қайта басылып жарыққа шыққан төртінші томына тең автор екені айғақтайды.

Университеттегі әріптестері мен студенттерінің арасында қадірлі, білімді және қарапайым беделді қызметкер Төлеухан дос – жастайынан қазақтың қара өлеңін жанына серік етіп келе жатқан ақынжанды азамат. Оның туған жер, ата-ана, балауса жастық шақ, дос-жарандары жайлы жүрекпен үндескендей тілі жатық, шұрайлы жырларын жерлестері жатқа айтады.

*Зәбірлетпес мені ешқашан,
Жақынға да, жатқа да.*

Ақ ботам деп аялаған,

Болсам да, өзім қап-қара, –

деп алғашқы өлеңін аяулы анасынан бастаған Төлеухан Шойбасұлының «Көңіл керуені» атты жыр жинағы Қостанай қаласында 2011 жылы жарық көрген. Өлеңдерін оқыған жан Тәңірдің математик Төлеуханның басына тек құмырсқаның илеуіндей қаптаған формуланы ғана емес, киелі поэзия патшалығын да қондырғанын аңғара алады.

Төлеухан Шойбасұлының университетімізге және еліміздің ғылымы мен оқу-білім саласына сіңірген ұзақ жылғы еңбегі еленіп, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» күміс медальмен марапатталды.

Сөз соңында Төлеухан Шойбасұлының өмірлік серігі, адал жары Саржан Бөлекбайқызымен шаңырақ көтергеніне 44 жылдың жүзі болғанын, екеуі дүниеге әкелген Жұлдыз, Сұңқарбек, Мақпал атты ұл мен қыздарды өсіріп, олардан көрген тоғыз немересін бағып отырған бақытты әке-ана, мейірімді ата-әже екенін айта кеткеніміз жөн. Тұңғыштары Жұлдыз бен Сұңқарбек әке жолын қуып, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің бакалавриаты мен магистратурасын бітірген. Кенжелері Мақпал да жоғары білімді тіл маманы.

Болат ӘБЕНОВ,
механика-математика
факультетінің аға кураторы,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі

Мемлекеттік рәміздер шежіресінен сыр шертеміз

ҚазҰУ-дың тарих факультетінде «Қазақ геральдикасының бастауы және ҚР Мемлекеттік рәміздері» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өтті.

Факультет деканы, профессор Досбол Байғонақов рәміздердің тарихи сабақтастығы, идеясы туралы айтып, мемлекеттік нышандар қоғамның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға топтасуы мен ұмтылысын айшықтайтынын атап өтті. «Мемлекеттік рәміздерде қазақ тарихы, мәдениеті мен философиясының негізгі белгілері көркем түрде бейнеленген», – деді Д.Байғонақов.

Дөңгелек үстел барысында Археология, этнология және музеография кафедрасының меңгерушісі, профессор Бибилия Қалшабаева қазақ гераль-



дикасының тарихына назар аударды. Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев дәстүрлі қазақ қоғамындағы көне таңбалар мен басқа да белгі-нышандарды атап өтті. Профессорлар Тәттігүл Қартаева мен Рыскелді Мырзабекова елтаңбаның сюжетін, ою-өрнектердің мәні мен сәнін және мемлекеттік

рәміздердің өзге де атрибуттарына тоқталды. Дөңгелек үстелге қатысушылар студенттердің сұрақтарына жауап беріп, батылдық пен батылдықтың символы болған тотемдік жануарлар жайлы, таңбалар, түрлі белгілер және т.б. түрлі нысандар туралы әңгімелеп берді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚазҰУ-да Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні аясында KazNU For Paper Recycling макулатура-сын жинау акциясы ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты жиналған қағаз қалдықтарын қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымға жіберуді көздейді. Шара Тұрақты даму мақсаттарының «Өндіріс және жауапты тұтыну» атты 12-ші бағытын іске асыруға арналған.

Аталған акция және оның атауының авторы – география және табиғатты пайдалану факультетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының студенті Анастасия Сверенкова. Бастаманы «Экология», «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығының бірінші курс студенттері қолдады.

KazNU for Paper Recycling акциясына қатысушылар университет қызметкерлері арасында үгіт-насихат жүргізіп, хабарландырулар іліп, қалашықтағы оқу ғимараттарында, жатақханаларда макулатура жинау нүктелерін белгіледі. Шара аяқталғаннан кейін жиналған қағаз қалдықтары қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымға жіберілді.

«Мен қағаз және басқа да ресурстарды немқұрайды пайдалану мәселесіне көптен бері алаңдаймын. Бұл акция тек бастамасы екеніне сенгім ке-

Макулатура жинау акциясы өтті



леді. Дипломдық жұмысымды университеттің оқу кампусында қалдықтар мәселесін, оларды қайта өңдеу әдістерін және қалдықтардың санын азайту жолдарын зерттеуге арнадым. Осы зерттеу жұмысы аясында университет қалдықтарды кәдеге жаратуға экологиялық таза тәсілді енгізу әдістеріне, сондай-ақ саналы тұтыну идеяларын таратудың негізгі көзіне үлгі бола алады деген қорытындыға келдім», – дейді жоба авторы, «Экология» мамандығының 4-курс студенті Анастасия Сверенкова.

Акцияны ұйымдастырушы-

лар макулатура мен басқа да қалдықтарды жинау, экология бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу, қайталама материалдарды пайдалану университеттің тұрақты даму стратегиясының бір бөлігі бола алатынына сенімді. Мұндай акцияларды тұрақты тәжірибеге айналдыру кампусағы қалдықтарды азайтуға ғана емес, сонымен қатар студенттер мен қызметкерлер арасындағы экологиялық мәдениетті арттыруға көмектеседі. Өркім қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қоса алады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жаздың жаңбырлы күндерінің бірінде мен тыныштықты қалап, кітап әлеміне саяхат жасау үшін жайлы кітапханада уақыт өткізуді жөн көрдім. Кітапхананың жалпы ауаны маған қатты ұнайды. Сондықтан онда жиі баруға тырысамын. Таяу арада ҚазҰУ-ға талапкерлер ағылады. Сол себепті түлектер назарына университет кітапханасы жайлы шағын ақпарат беруді жөн санадым.

Кітапхана – руханият ордасы



ҚазҰУ-дың Фараби кітапханасында кітап қоры мол. Қор жағынан еліміздегі ЖОО-лар арасында көш бастайды. Кітапхана жай ғана әсем ғимарат емес, нағыз білім ошағы. Фараби кітапханасында студенттер мен оқытушылардың білімін жетілдіруге, қажет оқулықтар мен ақпаратты табуға, мерзімді басылымдармен танысуға бар мүмкіндік жасалған. Мұнда интернет желісін де емін-еркін пайдалана аласың. Тізілген кітап стеллаждары көз тартады. Одан кез келген кітапты таңдап алып, электронды түрде оқуға болады немесе ұялы телефон арқылы университет сайтына кіріп, керек оқулықты пайдалана аласың.

Фараби кітапханасында бірнеше бөлім бар, олардың әрқайсысының өз функциясы бар және белгілі бір аудиторияға қызмет етеді. Мысалы, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде кітапханашылар оқырманға қызмет көрсетеді. Олар келушілерге қажетті кітаптарды табуға көмек береді. Әдебиеттерді беруді және қайтаруды ұйымдастырады, ақпараттық іздеуге кеңес береді. Каталогтау және жіктеу бөлімі – кітап қорын сипаттау және жүйелеумен, кітаптар-

ды оңай іздеу үшін каталогтар құрумен айналысады. Ал электрондық ресурстар бөлімі – электрондық дерекқорға, журналдар, электрондық кітаптарға және басқа да онлайн ресурстарға қол жеткізуді қолдауға жауапты. Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі құнды басылымдарды, көне кітаптар мен қолжазбаларды сақтауға және оларға қол жеткізуге арналған. Кітапхана аралық абонемент бөлімі басылымдарды басқа кітапханалармен бөлісумен айналысады, басқа кітапханалардан әдебиет алуға мүмкіндік береді.

Кітапханада тек оқу залдары ғана емес, мұражай да бар. Ол Қазақстанның мәдени және тарихи мұрасын сақтауға, насихаттауға, сондай-ақ білім мен ғылым саласындағы жетістіктерді көрсетуге ұмтылатын руханият ордасы. Мұражай қызметі елімізбен бірге, одан тыс жерлерде де бәсекеге қабілетті және рухы мықты гуманитарлық мамандардың қалыптасуына ықпал етеді.

Елназ КЕРІМТАЙ,
журналистика
факультетінің 2-курс
студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.